


А 2005
8969

Адам МЕКЕБАЕВ



**ЖАР
ЖАҒАЛАҒАН
ҚЫЗ**



Адам МЕКЕБАЕВ

**ЖАР
ЖАҒАЛАҒАН
ҚЫЗ**

ПОВЕСТЕР

"ЕЛОРДА"
Астана - 2002

ББК 84 Қаз 7-4
М41

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

А. Мекебаев,
М41 Жар жағалаған қыз. Повестер
Астана: Елорда, 2001. 448 бет

ISBN 9965-06-122-X

Бұл жинаққа Қазақтың белгілі жазушысы Адам Мекебаевтың оқырманға кеңінен танымал, кезінде әдеби қауымының әділ қазыларынан жоғары баға алған “Жадыра”, “Кездік”, “Жезтырнақ”, “Жар жағалаған қыз”, “Аңызак” повестері еніп отыр. Бұл повестердің көтерер жүгі терең, һәм көркемдігі жоғары.

Пікір жазған: Халық жазушысы
Т. Молдағалиев

М $\frac{4702250201-132}{450 (05)-01}$ 20-01

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-06-122-X

© Мекебаев А., 2001.

ЖАДЫРА

Түн. Бөлме іші қою қараңғы. Жұбайым Сәуле рақат ұйқы құшағында. Бесікте жатқан кішкентай сәбиіміздің пысылдағаны естіледі. Екеуінің де өз отымыздың басына түнеуі бүгін — бірінші рет болса да, қаннен-қаперсіз. Тек, ауыз үйдегі қарттар ғана қалың ой торына шырмалып, дөңбекшиді. Менің де мызғи алар түрім жоқ. Қарсы алған достармен бірге ұзақ отырып, шаршағаным да ұмыт болғандай. Кейде төр алдындағы шағын қызыл сандықтан төрт жанар бізге қалтқысыз қызғанышпен қадала қарап тұрғандай сезінсем, кейде мына сүп-суық томсарған меңіреу қабырғаның жігін құдіретті күшімен ығыстыра жылжытып, ар жағынан шыға келген балғын жан бейнесі бесіктегі балаға елжірей қадалып: “Е-е-е, атам мен әжемді немерелі еткен екенсіңдер ғой” — деп тұрғандай. Сосын алдыма аяғының ұшымен жылжи басып жақындап: “Әй, бала, ең болмаса маған келіп, сәлем беріп қайтуды да көпсінгенің бе, Көкинді шынымен ұмытайын дегенің-ау!” — деп өкпе-назын білдіретіндей.

Алыстағы оқудан ауылға кештетіп келген едім. Оңаша сәттер тауып, мына сандықтың қасына жүз келіп, жүз кеткен шығармын. Бірақ, үйден ұзап, жазық далада мәңгі ұйықтап жатқан ең қымбат адамыма бару үшін, уақыт таппағаным ар алдындағы айыпты жандай қиналамын.

Бұл сандық — біздің үйдегі ең қасиетті қымбат мүлік. Сондықтан да басқа жиһаздардан ерекше ығи төр алдында тұрады. Иә, онда балғын махабаттың мезгілсіз қураған гүлдері жатыр. Талқаны шыққан сәулетті үміт сарайының сынықтары да осында. Оның күзетшісі мына ауыз үйде жатқан қарт әке мен шеше және мен ғана. Орнымнан тұрып, сандықтың жанына бардым. Аузын ашуға батылым жетпей ұзақ күйбеңдедім. Сосын ішінен түйіншекті алдым. Онда мұнан өзге зат жоқ. Бар болғаны қызыл орамалға түйілген хаттар. Оның қызыл екені, қалай оралғаны маған бұрыннан-ақ аян.

Қолым қалтырап кетті. Нақ баяғы бала кездегі аңқау сезім бойымды қайта билегендей, үңірейген қараңғы терезелерден көздерін жылтыратып әлдебірдеңелер қарап тұрғандай тұла бойым түршікті. Алақанымдағы түйіншекті сүйдім де сандыққа қайта салып, төсегіме жаттым. Бәрібір, кірпігім ілінбеді. Өрелі таңды көзіммен атқардым.

Төсектен ерте тұрсам да, үйден тысқа күн көтеріле шықтым. Аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Анадай жерде аяғы буылған қызыл қасқа сиырды бауыздауға ақсақалдардан бата тілеп, қол жайған екі-үш жігіт ауыздарын жыбырлатып, дұға оқыған шалдардың бет сипауын асыға күтіп тұр. Жандарындағы орылған көк пішен үстіне тастай-тастай салған пышақтар күнге шағылысып жалтылдайды. Есік алдында бес-алты әйел бауырсақ қуырып жүр. Олар отын жарған қайындарына қарап әзілдеп қояды. Көлеңкеде қарт ана түнде біздің қасымызда жатқан кішкентай немересін айналып-толғанып, өз-өзімен болып отыр еді, енді, міне, көше жақтан келген үш-төрт әйел шашу шашқалы қолдарын жоғары көтерісті... Жұбайым әлі ұйқыда. Әкем есік алдындағы бақшаның ішінде жүр екен. Көшеден жұмысқа бара жатқан адамдардың дабырласқан даусы естіледі. Таңертеңгі ас стол үстінде тұр. Зауқым соқпады. Мына бір ана құшағындағы сәбидің құрметіне арналып, жасалғалы жатқан той жайын күйттеп отыруға да, енді менде шама жоқ. Есіл-дертім Көкиін жақта. Сыртқа беттедім.

— Балам, қайда барасың? — деп дауыстады көзі шалып қалған әкем.

— Көкиінге барып қайтайын деп едім.

— Күн бүгін қатты ысығалы тұр ғой деймін, — деп сәл киналып маңдайын қолымен көлегейлеп аспанға қарап алды да, ризашылығын білдірді, — барсаң барып қайт, бірақ атқа мініп араламайсың ба?

Мен жаяу кеткім келетінін айттым. Қарсылық еткен жоқ. Сақал-шашы күмістей жылтыраған тоқсан жастағы даланың қарт емені артымнан қадала қарап тұр. Менің ол жаққа неге бара жатқанымды іштей сезсе де, көзінен таса қылғысы келмейтін сияқты. Екі жылғы қашықтағы оқу оларды да, мені де қатты сағындырыпты. Өткен жылы түскен келінімен де, көктемде дүниеге келген немересімен де кеше ғана табысты. О, сондағы қарт әке мен шешенің шексіз

қуанышын айтсаңызшы. Қаумалап келген халыққа екеуі де мақтана қарап, жылап тұрып күледі, күліп тұрып жылайды. Бейнебір отқа ұмтылған көбелектей кішкентай сәбидің үстіне қайта-қайта барып төнеді.

“Тілден, көзден сақтай гөр, алла”, – деп күбірлеп, көргелі анталаған жұрттың назарынан қолындағы құндақтаулы сәбиді тайсақтата береді.

– Әй, қатын, балаңды алып қаша беретінің не?! Мә, көрімдігіңді ал да, әкел бері! – деп өктемдік жасап жатқан дауысты есіттім.

– Қайтсін, байғұстың зарығып көрген жарық дүниесі ғой, – дейді тұрғандардың бірі.

– Ой, дүние-ай десейші. Қарттар немерелі, келінді болуды ертеде-ақ аңсаушы еді, – дейді екінші біреу ауыр күрсініп. – Не айтары бар. Алла пәнданың басына бермесін бұлардың көргенін.

Әкем де, әжем де түк естімегенсиді. Сырт көзге олар сол сәт сонау бір кезгі жазылмас жүрек жарасын да ұмытып, нақ баяғы бақытты шақтарына қайта оралғандай еді.. Бірақ, ішкі жан дүниелерінің алай-дүлей екені жүздерінен көрініп тұр. Иә, нәресте иісін біздің үй қанша уақыт зарыға күтті десеңізші?!

Әкем бір атадан жалғыз болғандықтан өз әулетінің молайып, айналасындағы қара-құраның көбеюін армандап, келін жұмсап рақатын көруді аңсағандай, қай баласын да ертерек үйлендіріп, тезірек немере сүю ниетінде болыпты. Ертеректе тұңғыш ұлы қаз тұра бастаған кездің өзінде-ақ “ат арқасына мінуге жараса болды, баламды үйлендіріп, немере сүйемін”, – деп айтыпты қатар-құрбыларына... Ортаншы ұлы Дәуренді отастыруға қалай асыққаны о кезде жас болсам да, әлі ойымнан кетпейді. Жиналған жұрттың қуаныш үстінде еске алып тұрғаны да солар болса керек...

Асыға басып келемін. Жөңкіліп лайлана ағып жатқан Қурайлы каналын біраз жағаладым. Сіміріп су іштім.

Бұл жерде бір кездері “Ақбел” колхозы болған. Менің балалық шақтарымның қоңырқай кештері осында өткен. Мұнда аяулы жанның зираты бар.

Әр жерден қасқыр бөлген қойдай үйірілген талдар, гүл жарған қалың шеңгел шоғырлары көрінеді. Жаңа бір өзірде

өзім шыққан совхоз орталығы арт жақта сағымға оранып кіші-гірім қалаға ұқсайды. Батыс бетте күріш алқабы жатыр. Оның бер жағындағы құлаған тамдардың жарты қабырғалары осы төңіректі бақылап тұрған сақшыдай, мелшиіп қалған.

Ескі қыстаудың ортасында қарақшыдай қалқайып, көп тұрдым. Жан-жағымдағы әлі құлап үлгермеген тамдардың сынық қабырғалары мені қаумалап қоршап алған. Бейне, кенеттен басқа бір дүниенің ішіне кіріп кеткендей сезімдемін. Құлаған жарты қабырғалар бірте-бірте көтеріле қиюласып қалпына келгендей де, ал шөп басқан ескі соқпақтармен сонау бір кездерде осы жерде ғұмыр кешкен жартыкеш жандар сол шақтардағыдай, қайтадан ерсілі-қарсылы жүре бастағандай, тіпті олардың дабырласа сөйлегендері мен ырдуан арбалардың шиқылына дейін естіп тұрғандаймын. Жұмысқа кетіп бара жатып жоқтау салған жесірлердің даусы да құлағымда ызындайды. “Иә...иә! Бәрі де есімде, Жадыра. Сені де, Көкиінді де ұмытқаным жоқ. О, сұм тағдыр, сен тіріде ұмытыларсың ба, мен тіріде ұмыта алармын ба!”

Осы жер совхозға қосылмастан бұрын бір қауым елдің мекені еді. Ауылдың арқа бетіндегі оқшаулау қатар тұрған екі үйдің бірі – біздікі де, екіншісі – Қартаңбайдікі болатын. Мен ес білгелі бұлардың жұбы жазылған емес. Жазда жайлауға шыққанда да киіз үйлер иін тіресе қатар қонатын. Ру жағынан алшақ болса да, бір-бірінен ажыраспайтыны менің әкем – Әбу мен Жадыраның көкесі – Қартаңбайдың жастарының қатарлығынан ба екен, әлде ертеректегі бастарына түскен тұрмыс қаталдығы еріксіз қақпайлап қол ұшын беруге үйретіп, бауырластырып жіберді ме екен, қалайда осы адамдардың арасында сырт қарағандарға жұмбақ, ыстық ықыластың үзілмес нәзік жібі бар еді. Жұрт сол жерді – “Қос шалдың қонысы” деп атайтын. Онда ат басын тартып, тоқтап өтпейтін кісі болмайтын.

Қартаңбайдың мен ес білгелі Жадырадан басқа баласы болған емес. “Ертеректе арыстай екі ұлы бар-тын, олар 1932 жылы қазаға ұшырады” – десетін үлкендер. Сондықтан Қартаңбай жалғыз қызының бетінен қақпай еркін өсіріп, шешесі Қалима байыптылыққа баулыпты. Осы екі тәрбие Жадыраның бойына қабат ұялап, қатар-құрбыларынан ерекше ашық та жарқын, байсалды да ойшыл еді... Ал біздің

үйде Дәурен ағадан үлкен бір ұл болған екен. Ол да Қартаңбайдың балаларымен қатар ертеректе шетінепті. Кейде менің әжем сол баласын есіне алып:

— Менің тұңғышым Тұрарбектің Жанәділімен жасты болатын. Оның жаман шешесі қазір немере сүйіп отыр. Менің балам тірі жүрсе, жас иіспен бізді де алдандырып қояр еді-ау, — дейді де мені қолымен көрсетіп, — мына жаман есейіп кетті ме қайдам, қасымызға жоламайды. Бірде Дәуреннің, бірде Жадыраның қасында жүргенін көресің. Немерем болса, мұны қажетсінбес те едім, — дейтін күліп.

Ондайда үйге келген қайындары әжемді сөйлету үшін, іліп әкетіп әрдайымғы жаттанды сөздерін қайталайтын.

— Дәуреніңіз дырдай жігіт емес пе. Неге үйлендірмейсіз?

— Жасы жетпей жүр ғой, әйтпесе жеңгелеріне айтқызып мазасын май ішкендей етер едім, — деп жақсы лебізге баладай қуанып қалатын.

Соғыстан бұрын Дәурен аға да, Жадыра да аудан орталығында оқыды. Әжем “екеуі бір жылғы төл” дейтін. Жастары қатар болғандықтан кластары да бір екен. Басқасын білмеймін, ауылға бірге келуші еді, сонда екі үй той жасайтын. Төрде үлкендер әңгіме-дүкенін құрып, жастар ән шырқап, ойын-сауық базарын қыздыратын. Ондай күндері менің қуанышымда да шек болмайтын; басқалармен бірдей таң атқанша ұйықтамайтынмын.

Соғыс басталысымен-ақ Дәурен аға оқуын тастап, елге келді. Жадыраның да ауылға іле оралғаны есімде. Бірақ, бұл жолы екі үйде бұрынғыдай думан болған жоқ. Жастардың асқақтата салған әндері де шаңырақтардан асып төгіліп, жайлау үстінде таң атқанша қалықтамады. Бұрынғыдай Дәурен аға мен Жадыра мені ертіп үлкендерге сәлем беріп, үйлеріне тізе бүгіп шығуға да уақыт таппады. Келген күннің ертеңіне-ақ мен ұйқыда жатқанда кетіп қалыпты, күн ұзаққа қайда болғандарын білмеймін. Ауылға түн ортасы ауа бір-ақ оралды.

Бірде шырт ұйқыда жатқан мен әлдененің салдыры мен құлақ тұндыра сарнаған азалы үннен шошып ояндым. Іште жан жоқ. Әлі түңлігі ашылмаған киіз үй тынысымды тарылтып, алқымымды сығымдап бара жатқандай, тысқа ытып шықтым да, шығыстан төгілген сәуледен бетімді көлегейлеп тұрып қалдым. Тоқымның аумағындай қара бұлтты алтын

кірпіктерімен көтеріп биікке жаңа өрлеген күн бейне соққы тиген көк тәңірісінің жалғыз көзіндей, қанталап тұр екен. Есік алдындағы ырдуан арбаға Дәурен аға мен Жадыра қап жинастырып салып жүр. Арбаға жегілген қос өгіз тағдыр тәлкегіне тәнті, көнбісті кей пенделердей мүлгулі. Әкем үй сыртында, атын ерттеп болып қалыпты. Әжем жерошақ маңында қыбырлайды. Қартаңбай мен Қалиманың да характертеріне кіріскендеріне аз уақыт болмаса керек. Сонау Бозға қарай созылған соқпақтардағы қаздай тізілген ақ жаулықты әйелдер мен далбай киген шалдардың иықтарына асқан орақ, шалғылары күннің шашыраған сәулесіне шағылысып, жарқ-жүрқ етеді. Кеше ғана күйеуінен “Қара қағаз” алған жесірдің жоқтау салған азалы, ащы дауысы таңғы тұнық ауаны тігірете азынап бірте-бірте ауылдан алыстап барады. Ал, мына, мойынына су кеткендей мөліген тымырсық мылқау дүние – қасіретті жандардың қаралы азасына шыдамай, қайғыдан қан жұтып, үнсіз мүжіліп, тарылып бара жатқандай.

Дәурен аға мен Жадыра әжемнің зерек тостағанға құйып берген айранынан ауыз тиді де, Қалиманың ұсынған сындырық нанын алып, арбаны асығыс орнынан қозғады.

Қызығып кеттім, әрі қазір ересек кісілерсіз көңіл құлазытатын ауылда қалғым келмеді.

– Мен де барайын, аға! Ала кетіндерші.

Екеуі де үнсіз. Өтінішімді құптар сыңай танытпайды.

– Аға, ала кетіндерші. Жадыра, мен де барайын!

Арба жылжып, үйден ұзап барады. Мен бұрынғы әдетім – байбалам жылауға бастым. Мүмкін олардың артынан қуған да болар ма ем, егер әкем:

– Тек, тұр былай қикарланбай! – деп зекіп тастамағанда. – Оларды тойға бара жатыр ғой деп пе ең! Қазір сенің еркелігіңді көтеретін заман емес!

Орнымда сілейіп тұрып қалдым. Әкемнің бұрын-соң өзім байқамаған ызғарлы жүзінен сескендім...

Осы бір сәт сол күнгі таңнан бастап қайталап тұратын болды. Біздің үйдің есігінің алдынан дөңгелек ізімен тартылған қос сызық ирелендей ұзап, жайлаудан аттанатын арба керуеніне қосылады да бірте-бірте жіңішкеріп, көкжиектен әрі асып көрінбей кетеді. Олардың әйелдер жоқтауына қосылып жүйкені жейтін шиқылын шіміркене тыңдап, керуен көзден таса болғанша орнымнан қозғалмайтынмын.

Бәрі де көкжиекке сіңіп жоқ болады. Жайлау да базары тарқаған күзгі көлдей көңілсіз қоңырқай тарта бастайды. Дәурен аға мен Жадыра да өздерімен бірге ілестірмейтін болды. Жайшылықта жанынан екі елі қалдырғысы келмейтін әжем де мені тастап жұмысқа кетеді, кейде атының артына мінгестіріп, егін аралайтын әкем де әлігі әдетін ұмытқандай тоңтеріс. Ауылда бақуатты жан қалмайды, бәрі де көкжиектің ар жағында. Алды ол жақтан қасқарайғанда орала бастайды, арты таң алдына дейін ұласады. Пошташы да жұртты жылататын “қара қағазды” ауылға сол көкжиектің ар жағынан алып келеді, адамдар да сол жақтан шаршап-шалдығып қайтады; сол жаққа қарай майданға аттанған ағалар да әлі ауылға оралған жоқ. Мен де күні бойы сол жаққа екі көзім төрт болып, жұмыстан қайтатын кісілерді күтумен жүремін. Әсіресе, асыға күтетінім арба. Олардың қайда барып, қайдан қайтатындары маған беймәлім. Тек түннің бір мезгілінде доңғалақтардың шиқылғы алыстан талмаусырап қайта естіледі. Сосын, сосын төзімді тауысып ұзақ уақыттан соң, есік алдына салдырап келіп тоқтайды. Артынша ішке енетін Дәурен ағаның даусы естілді. Оны ылғи күтіп алатын анамыз:

— Шаршадың ба, жаным?! Ұйқыны да ұмыттың-ау өзін, — деп өбектесе:

— Біздің шаршағанымыз не ғылар дейсіз, апа... Әлі-ақ, тыныштық орнар, мен сол күннен бастап, баяғы батырларша алты күн, алты түн тұяқ серіппестен ұйықтаймын, — деп анамызды көңілдендіретін де, төкаппарлығым ұстап төсекте бақырайып жатқан мені орнымнан жұлып алып, басынан асыра көтеретін-ді. Аздан соң әр нәрсені бір сұрап қыңыр жауабыма мәз болатын. Бұл — оның жұмыстан қайтқандағы күндегі әдеті. Шамасы тым-тырыс томсарған үйді, соғыс азабынан арылтқысы келетін болса керек.

Әдетте, Дәурен ағам әкемді — “көке” дейтін де, анамызды — “апа” дейтін. Ал маған олай деп атауға рұқсат етпейтін. Өйткені, мен олардың кенжесі болғандықтан “Әке, әже” — деп құрметпен атағанды ұнататын. Мені үй ішіндегілердің жаппай еркелететіндері де сол кенже бала екендігіме байланысты болса керек. Дәурен аға жұмыстан оралып, үлкендердің хал-жай сұрауларынан аузы босаған бойда, сол баяғы шолжаң мінезіме басып, жаймен ғана сыбыраймын.

— Аға, ертең мені де ала кетші.

— Жок, Мұрат, болмайды, — дейді аға да бәсең дауыспен, — біз күн жүреміз, түн жүреміз...

Ол терең күрсініп, ойланып қалды. Мен де онан әрі мезгілсіз уақытта мазаламадым. Бірақ, таң атысымен көңіл құлазуы қайта басталды. Енді түнде аз өтініш еткеніме өкіне бастадым. Тіпті шыдамым таусылып, ауылдан шығандап кетіп барып, жайлаудан шығатын шұбырынды ізбенен жүріп отырып, арналы үлкен қасқа сүрлеуге түстім. Ауданға апаратын бұл жолдың бойында көптеген колхоз орналасқанын үлкендерден еститінмін. Қалаға баратындар да онан қайтатындар да — осы бір керіліп жатқан кең сүрлеудің төсін таптап, шұбырып жататындарын өзім де талай көргенмін. Қазір де сол бір — жұрт табанынан толас тапқан ақ қасқа май топырақ сәскедегі шуаққа кеуде керіп, бейне күйші баптаған домбыраның қос шегіндей, дала төсінде шіреніп шаң да шығармай, сыбыс та бермей дүбірсіз, тіршіліксіз сұлқ жатыр.

Әлден уақытта көз ұшында қараңдап егістіктен бері беттеген арбалар көрінді. Алған беті мен тұрған үлкен жол, солай қарай аяндадым. Біраздан кейін арбалардың әндете шиқылдағаны, адамдардың “шу-шулегені” құлаққа жетті; сосын бірінің соңынан бірі тізілген керуен ап-айқын көріне бастады.

Мен жұрт көзіне түспес үшін, нар бойламас төбесі тұтасқан, төмені сидам шоқ шеңгелдің ішіне сүнгідім. Бұта арасындағы саңлаулардан жолға сығалаймын. Бірте-бірте өгіздердің ентіге алған деміне дейін ести бастадым. Міне, біріншісі, екіншісі, үшіншісі... тұла бойымды шымырлатып, желпінген желік сезімі басымнан аяғыма дейін жүгіріп өтті. Шеңгел арасынан сытылып шығып, қалай дауыстағанымды өзім де аңғармай қалдым.

— Аға!

Бірінің соңынан бірі бейне өзенге салған салдай, тістесе тізіліп, жол жиегіне құлай өскен қау бұталарға доңғалағын, абадасын сипата қылтылдай жылжып бара жатқан керуен үстіндегілер маған жалт-жалт қарасты. Соңғы арбадан қарғып түскен Дәурен аға құшағын жая жасыл шөпті жапырып, маған ұшып жетті де жерден тік көтеріп алды. Артынша Жадыра да жанымызға келді. Ол:

— Ана қара, ана қара... Аяғы жерге екі елі жетпей тұрған кішкентей баланы қара, — деп мазактап, мәз болады.

Басқа арбадағылар “Ей, тәйрі-ай, сен бе едің” дегендей орындарына қайта жөнделіп отырып алып, қолдарындағы шыбықтарын бастарынан асыра үйірісіп, қиқуласып қалысты.

Біз арбаның артынан қуып жеттік. Мен бидай толы, аузы шыпшып буылған жүн қанарлардың үстіне жайғастым. Дәурен аға мен Жадыра қатарласып жаяу келеді. Олар менен жөн сұрап, үйден рұқсатсыз кеткенімді есітіп реніштерін білдірді.

— Аға, мені ала кетші. Өгіздеріңнің басын жетектейін, қап арқаласайын.

Соңғы сөзіме Жадыра шыдамай күліп жіберді. Өзім де артықтау кеткенімді аңғарып, ыңғайсызданып қалдым.

— Қап дейсің бе?.. Бұларың біздің арқамыздың өзіне ауырлау боп жүр емес пе, — деп күрсініп қалды Дәурен аға. — Бізді бір серуендеп жүргендей көресің-ау, Мұрат!

Бәріміз де үнсізбіз. Табиғат та демін ішіне тартып, тым-тырыс тына қалған. Бейне қарағай безінің жылап ағатын шырынындай, ауыздарынан сілекейі шұбырған өгіздердің ырсылы мен төрт доңғалақтың дене түршіктірер шиқылынан бөтен дыбыс естілмейді. Табан жолдан дән іздеген молдаторғайлар бірде үрке ұшса, бірде дедек қағып жүгіреді. Біздің екі жағымызда жырылып қалып жатқан гүл аралас жасыл шөп, қыз жасауына арналған текеметтің оюындай көз жауын алып, тұнып тұр.

Дәурен аға шоқ гүлдің ішінен ерекше бой түзеген аумағы алақандай қызғалдақты еңкейіп үзіп алды да, Жадыраға ұсынды. Сосын:

— Нәті шөп болғанмен, гүлді ретсіз үзсең о да қаталдық болар еді, — деп сөз қозғады. — Мен кейде байқаусызда құмырсқаны басып кетсем де қатты қиналамын. Ол құмырсқаның зиянсыз еңбекқор жәндік екенін сезінгендіктен де болар. Әйтеуір, кейбіреулерінің көпке дейін өле алмай тырбаңдап, жанталасып жатқанын көргенде жаның ашиды. Сондай сәттерде ауыр танкілердің темір табаны астына құлап бара жатқан адамдар бейнесі көз алдыма елестеп тұра қалады. Кім білсін, асығып жүріп құмырсқаның талайын таптап та кеткен шығармын. Мүмкін, кейбіреулері аяқ астында жарты денесі жаншылғанда өздерінше жан даусы шығып,

ышқына шынғырған болар. Біздер, бірақ оны есітпейміз ғой... Ал адамдар бір-бірінің жантәсілім етердегі аянышты үнін қалай қиналмай тындайды екен... Осы ойлар Кенебайдан хат ал-ғаннан бері мені ылғи мазалайды да жүреді. Есінде ме, Жадыра, бізбен қатар класта оқып еді ғой. Жігіттер мұрнының кішкентайлығын күлкі етіп “пұшық” деп атайтын, менен екі жас үлкен болатын.

– Иә, білемін, анау бір ұзын бойлы, бидай өнді жігітті айтасың ғой, ол хатында не депті?

– Екі аяғынан бірдей айрылыпты.

– Иша! Тұлабойым түршігіп кетті ғой. – Жадыраның өңі өрт сөндіргендей боп-боз болып кетті, – қалайша, екі аяғы бірдей...

Екеуі де үнсіз. Енді олар бір-біріне тіл қатудан сескеніп келе жатқан жандар тәрізді.

Көптен соң ғана екеуінің арасында әлдеқалай жарқын бір көңіл -күй басталды да, көктемдегі шалқар көлдей шалқыған кеуделеріне арманның ақ күміс аққулары жан-жақтан андыздай ұшып келіп, қанаттарын суылдатып қона берді, қона берді. Ал тілген таспадай шірене созылған үлкен жол аяқталар емес, әр жерде аттылы, жаяу жолаушылар да ұшыраса бастады. Алдағы жарма жақтан бері құлаған қара-құра да көрінді. Сыңайы басқа колхоздардан аудан орталығына аттанғандар. Анда-санда үздіге өксіген әйел даусы естіледі.

Дәурен аға мен Жадыра ортасындағы әлгі бір жарқын сәт сап тыйылды. Екеуі бір-біріне иін тіресе тақалысып бүрісіп келеді.

– Майданға аттанғандар, – деп күбірледі Жадыра.

– Жылаған әйелі шығар, – деді Дәурен аға да жаймен ғана.

– Осы соғыс қашан аяқталар екен?

– Өзім де соны ойлап келемін... Майданға кеткен ағаларды сағындым.

– Иә, мен де сағынып жүрмін, Дәурен. Тіпті оларды өлді дегенге сенгім де келмейді. Маған, бәрі де соғыс біткен күні ауылға сау ете түсетіндей... Сонан соң той-тойға ұласады... – Жадыра қайтадан серпіліп, айдындағы аққудай дүр сілкінді. Қолдары да құстың қанатындай көкте билеп жүр. Оған мен де, Дәурен аға да тамсана қарап қалыппыз. Ал Жадыра аңызак шөл-құмда аңқасы кепкен жолаушыларды мөлдір бұлаққа бастап келген көреген қайырымды жан-

дай, бізді де, өзін де арман зәмзәмімен сусындатып келеді. – Біз баяғы кездердегіміздей жұмысты тастап, оқуға кетеміз. Жазғы демалыста үшеуіміз ауылды аралаймыз.

Өксіген әйел даусы қайта естілді. Әлгіде көктемгі мөлдір аспанда бір орыннан қозғалмай мың түрлі әуенмен шырылдаған әсем қиял бозторғай енді топшысы үзіліп жерге құлап түскендей, үшеуіміз бір-бірімізбен көрместей болып ұрысып қалған кісілердей тоң-теріс күйдеміз.

Үнсіз ұзақ жүрдік. Майданға аттанғандар жанымыздан өтіп, қарасы үзілген соң да шешіліп кете қойған ешкім болмады. Әркім өз ойымен арбасып келе жатқандай. Басымда толғамды ештеңе болмағанмен мен де көңілсізбін. Ауылдың тұсына жақындағанда арбадан сырғып түстім де, жайлауды қарауылға алдым. Ауылға жақындағанда да жан-дүниемдегі азғантай құбылыс онша өзгере қойған жоқ. Мен де өзімше толғанатын тәріздімін.

Осы бір күннен кейін оларға “ала кетіндер” деп жалынуды доғардым. Үлкен жол жаққа барудан да пышақ кескендей тыйылдым. Жалғыз-ақ, кешкі астан соң басқалар төсекке жатып қалған кезде түннің белгісіз бір уағында оралатын арбаны іштей тықыршып, асыға күтуден тиыла алған емеспін...

... Сол күні де Дәурен аға ауылға түн ортасы ауа оралған. Бірақ, әдеттегіңше ішке жарқылдап енген жоқ, салқын ғана, Жадыраның сырқаттанып келгенін хабарлады. Естірткен бойда бәріміз Қаратаңбайдың үйіне қарай үмтылыстық. Дәурен аға да бізбен бірге барды.

Екі үйлі жан өбектеп, Жадыраның жанына үйірілісті. Мен де қасына жақындадым. Ерні кезеріп, өңі сольып қалыпты. Денесі қызған темір пештей лапылдап түр.

– Ештеңе етпейді, қорықпаңдар, – деп жұбатады ол бізді. – Салқын тигендікі шығар... Ертең жұмыс бар. Дем алайық. Дәурен де тынықсын...

Жадыра ертеңгісін арбаға ілесе алмады. Ауылдан жалғыз аттанған ағаның артынан дірілдеген буындарын әзер билеп, босағаға сүйенген қалпы көзімен ұзатып салды.

Тек, түске жақын ғана жастықтан бас көтеріп, далаға шықты. Тіпті кешке қарай әжептәуір сергіген кейіп танытты. Намаздыгер әлетінде екі үйді жиып-теріп, тазалап үлкендердің алдынан ас әзірлеуге кірісті. Жерошаққа тезек

өртеп, шоғына нан көміп отырған-ды. Кенет алыстан сарнаған азалы ащы үнді естіп, селк етті. Сосын орнынан тұрып, “жоқтау” шыққан жаққа бетін бұрып қалшия қатып қалды. Дауыс салған жас жесір күн ұзаққа ми айналар бейнеттен енді ғана еңсе көтеріп, ес жиып, өзегін өртеген белгісіз өкініштен қарымта қайтарғысы келген кісідей аңырайды-ай кеп, аңырайды.

Азабың ғұмыр неткен көп,
Өртейтін жанды жалындай.
Ол үйімнің көркі еді-ау,
Қоңыраулы бұйра нарындай.
Қарайғанды жайпаушы ед,
Қамысқа түскен жалындай,
Қанбай да қалды-ау жеңсігім
Жаңа бір піскен қауындай,
Өте де шықты-ау, дүние-ай,
Бәйге атының шаңындай...

Аспан ашық. Батар күн — уық қарына керегеге тірей қыстырылған жез табақтай көкжиекке таңылып жалқынданып тұр. Сол күн астындағы жазықпен тырнадай тізіліп, бері беттеген адамдардың иықтарындағы орақтары мен шалғылары намаздыгердің соңғы сәулесіне шағылысып, жарқ-жүрк етеді. Даланы тітіренткен “жоқтау” да бізге сол жақтан еңірей азынап жетіп тұр.

Жадыра азалы үнді ессіз кейіпте тітірене тындап біраз тұрды да, сосын дірілдеген саусақтарын укалап, дегбірінен айрылғандай отыра кетті. Сәлден соң қайта орнынан ұшып тұрды. Шалт қимылдап үй шаруасына кірісті. Соншалықты асығардай болмаса да, тыпырлап тынбай жүр. Бір-екі рет бірнәрсе айтқалы атын атап дауыстағаным да қайрылмады. Сыңайы дүние өртеніп жатса да елең етер еместей. Түріне қарап, тасқұлақ керең деп қаларсың.

Жадыра әлгі “жоқтау” жүгін арқалаған адамдар ауылға келіп, тіршіліктің басқа бір қарсылығына киліккеннен кейін ғана жүрісін баяулатты. Үлкендер үйге енгесін жасаулы шайды құюға тізе бүкті. Әдеттегісіндей айтылған әңгімеге де араласқан жоқ. Өзін бейжай салқын қалыпта ұстап, өзгерлерден оқшаулана қалған.

Сол самарқау кейіп ел орынға отырғанша өзгермеді. Жұрт жатарда ғана ол мені тысқа шығарып алып:

– Жүр, Дәуреннің алдынан шығайық, – деп сыбырлады.

Әдепкіде еліп етіп қуансам да артынша аждаһаның аузындай үңірейген тұңғиық түннің құрдымынан сескеніп ойланып қалдым. Дегенмен қарсылық жасай алмадым. Жадыраның жетегіне еріп ауылдың сыртына қарай дедектей жөнелдім.

Жер әлдеқашан суыпты. Борпылдақ жолдың мұздай май топырағын жалаңаяқ күрпілдете басамын. Үй алдындағы ошақта әлі жанып бітпеген оттың алакөлеңке жарығынан ұзасымен-ақ, саңлауы жоқ түн теңіздің тұңғиығына сүңгіп кеткендейміз. Кейде кедір-бұдырға сүрініп ұшып түсе жаздасақ, кейде табан жолдан тайып кетіп, балтырыңа шап етіп, жыландай шырмалатын ащы тікен бұталарға ұрынамыз. Төбемізден төңкерілген қап-қара аспан биігінде жылтылдаған жұлдыздарды бейне қара қазан түбіне шашыла жабысқан сазанның қыбаршағы дерсің. Олар үп етіп жел соқса, дымы қалмай ұшып кетердей дір-дір етіп, көк төсінде әзер ілініп тұрғандай. Күндізгі өркештеніп жататын қамыс аралас қопа шеңгелдер де, енді жазықпен біртұтастанып, адырлар сұлдеріне айналған.

Қырғауыл шықылықтады. Жайлау жақта үрген иттер даусы бізге піскен күбі даусындай күмпілдеп жетіп тұр. Анда-санда үрей шақырып, бұталарды сылдырлатып жолдан қоян мен кірпі қашады. Сонау жарма жақтағы бақшадан тымық түннің сол таза ауасымен бірге бері қарай баяулықсып кең далаға таралып жатқан қауынның хош иісі кезде шарпиды. Біз сол бір пейіш тағамының көусар шырынына таңдай жібітуге ниет етіп қияннан қанат талдыра ұшқан ертегілердегі періштелердей, Дәурен ағаға жетуге асығып, суыт келеміз.

Мен аудан орталығына астық таситын үлкен жолға тақым талдырып зорға жеттім. Бірақ, Жадыра аялдамады. Кідіріссіз жүріп келеміз. Бейне мылқау тыныштықтың мекеніне шабуылға аттанған жандардаймыз, ал ілгері-кейін, ерсілі-қарсылы сермелген төрт қол ауа тілгілеген қылыштардай су-су етеді.

Кенет, мылқау түн ұйқысырағандай “шу-уу...” деп қалды. Жадыра тың тыңдағандай, қалт тоқтады. Әлі айықпаған науқас салдары, әлде қорқыныш, әлде үміт, әйтеуір мойнына алғаш құрық түскен құлындай денесі дір-дір етеді. Сон-

да да әлгі үнді қайта естуге асыққандай демін ішіне тартып тынып қалған. Ал мылқау түн тағы да есіте қойшы деп есіркегендей қайтадан “шуу-уу-у...” дейді.

— Келе жатыр, — деп сыбырлады Жадыра. Артынша даусын көтеріп, — Дәурендер келе жатыр, — деді. Сосын әлгідегі жиырылған денесі босаңсып, бір мажырасын қалыпқа енді. Көңіл-күйі де күрт өзгеріп, бағанағы кештегі әйелдердің салған жоқтауын қамыққан үнмен еске алды. — Түн-һ... Сол бір азалы әуенді әр есіткен сайын өзімді қоярға жер таппай қиналатыным-ай...

Орнымыздан қайта қозғалдық. Біраз жерге дейін дабырласып, әңгімелесумен болдық. Ал “шу-шулеген” дыбыс бізге бірте-бірте жақындай түсті... Мен сол түні бір-бірінен бір сәтке ғана адасып қалып, қайта көріскенде алыстан қанат сабаласа қарсы ұмтылысқан аққулардай құшақ жайған жандарды көргендеймін. Сол түні олар ел басындағы қиындықты да естен шығарып, мәз-мейрам болысып еді-ау. Онда олардың іргетасы шайқалмаған армандарының салтанатты сарайы күмбірлеп өз-өзінен күй төгіп тұрған-ды. Ол түні менің шаттығымда да шек жоқ-тын. Өйткені, түн теңіздің шалқарында шаттық толқынына шайқатылып, аға махаббатының асыл қайығында шалқамнан шірене жатқан шағым ғой.

... Сол күзде мен он бір жасқа шығыппын. Дәурен аға да он сегізге толыпты. Бұл — 1944 жылдың қазан айы болатын. Әжемнің:

— Дәурен ағаң Жадыраны үйге келін етіп түсіреді, жеңгелі боласың енді, — дегенін естігенімде қуанғанымды айтсаң. Құлағымға тиген бойда сыртқа ата жөнелдім. Тезірек өзім қатарлы балаларға жеткізуге асығамын. Маған екі үй бірге болғанмен Жадыраның өзіміздің үйден кіріп-шығып жүргені қызық сияқты көрінді. Енді Дәурен аға, Жадыра үшеуіміздің жұбымыз жазылмайтындай тәрізденді.

Кейін есіттім. Әжем “Ұлым үйленетін жасқа жетті”, — деп ауылдың бар адамдарына айтып шығыпты. Әкем де баласының тұрмыс құрғанын қалапты. Ақыры қарттар өз дегендеріне жетіпті. Жеңгелері Дәурен ағадан үйленуін сұрапты. Аға қаншама қысылып, бұлтарса да қоймапты. Келісімін беруге көндіріпті. Шамасы, Жадырамен ақылдасқан болса керек.

... Колхоз бастығы тойды қырман басында өткізуге ұйғарыпты. Сол күні жұрттың:

— Жаратқан-ай, ең болмаса ертең “Қара қағаз” келмесе екен! — деп тілегені әлі есімде.

Ол күні “Қара қағаз” келген жоқ, бірақ той да болмады. Таңертең ағаға “шақырту қағаз” келіпті деген сөз ауылға жел сыбырлағандай демде-ақ тарап үлгірді. Халық үрпиісіп қалды. Жасымаған Дәурен ағаның өзі ғана, кеткенінше бұрынғы қалпынан ауытқымай жарқылдап, ойнап-күліп жүрді. Аттанар алдында ауыл ақсақалдары жиналып, жақсы тілек үшін Жадыра екеуінің некелерін қиюға да қарсылық жасамады. Сосын ауыл аралап әр үйден дәм татуға кеткен еді. Жүрер алдында жол жанындағы биік шоқының қасында көпшіліктен оқшаулау мантиып тұрған Жадыраның қасына келіп:

— Мұнаймашы, Жадыра. Қабағыңды шытпашы, жаным. Ертең-ақ, әлі той жасайтын күн туар. Онда ойын-сауықты үш күн бе, әлде одан да көпке созамыз ба, ерік өзімізде болады, — деп көтеріңкі дауыспен күле сөйлеп, Жадыраны көңілдендіруге тырысты. Сосын мені әдеттегісінше басынан асыра көтеріп, шыр айналдырды да, аяғымнан жерге тік қойды.

— Ал енді мен келгенше қарттарға қолғабысыңды тигіз. Жадыра саған көмектеседі, — деді ол, байсалды қалыппен.

— Жарайды, — дей салдым сөзін жауапсыз қалдырмай-бын деп.

— Ауылдағы біздерді уайымдамай-ақ қойшы, Дәурен. Тек өзің аман болсаң болғаны, — деді Жадыра.

— Аға, тез келесің бе, қашан келесің? — деп сұрадым мен.

— Құдай қаласа... — деп ауыр күрсініп, Жадыраға көз қиығын тастап, үнсіз қалды.

Артынша ауыл адамдарымен қоштасты. Қартаңбай мен әкем Дәурен ағаны құшақтап маңдайынан сүйді... Сосын орнынан козғалған арбаның соңынан Жадыра екеуі жаяулап алыстай берді, алыстай берді. Олардың сөздері де естілген жоқ. Денелері де үлкен жолдың бойында кішірейе түсіп, бірте-бірте көрінбей кетті.

Әкем ауыл адамдарымен бірге ойлы қалпында кейін бұрылды. Іштей әлденеге жалбарынғандай дамылсыз күбірлейді. Әжем әлсін-әлі жаулығының ұшымен көзін сүртеді. Іштен шыққан құлынының алыс сапарға, ауыр сапарға аттанып бара жатқанына ана жүрегі езілгендей.

Жадыра бұрынғысынша күндіз жұмыста жүрді. Түнде екі үйге кезек қонады.

Түнде жұмыстан келген бойда-ақ, алдынан жүгіріп шыққан менен Дәурен ағаның хабарын сұрайды. Хат алмаған күні үйге кірмей далада ұзақ сенделіп жүріп алады. Егер қолына үш бұрышты хат тие қалса, онда жүзі бал-бұл жанып, асығыс оқи бастайды.

Хатты қайта-қайта оқып болып:

– Әй бала, ағаң сені сұрапты, “мені жоқтатпа деп жазыпты” – деп мейірлене бауырына басатын да жас баладай мәз болып күлетін кеп, күлетін, ыңылдап ән салатын.

Жадыра атымды атамаушы еді. Оған ол кезде мән беріп көрген емеспін. Іштей есім телитін басқа жеңгелерімнің инабаттылығына жоримын да қоямын.

Дәурен аға хатын қарттар да аңсай күтіп отырады. Олар Жадыраға:

– Қалқам, оқып жіберші! Мына жаманға оқытып не айтқанын білейік десек, бір әріптеп діңкелетті. Осыларға мұғалімдерінің не үйретіп жүргендерін қайдам, – деп күлісетін.

Жадыра хаттағы үлкендердің аты аталған жерлерді ғана жүгіртіп оқып береді. Қарттар соған да мәз. Өздерінше қауқылдасып жатқаны. Ал, Жадыра артынша жауап жазуға отыратын. Ол қағазға қалауынша жазса да анталай қоршаған екі үйдің жаны өздерінше бір-бір ауыздан сәлем жолдап жапырласады. Әрдайым хаттың ең соңы менің қиқалақта-тып қойған қолыммен бітетін.

Ол Дәуреннен әрбір хатты сағыныш пен үрей аралас тағатсыз сарғая күтті. Әсіресе, ауылға “Қара қағаз” келгенін естігенде есі шыға қалтырайтын. Кешке жақын алаулап батып бара жатқан күннің соңғы сәулесіне қарап жалынышты жүзбенен есік алдында ұзақ тұрушы еді...

Сол жылғы қыс тағат тауысқан үрейге толы қатал бір мезгіл болды. Әжем де уайымнан шөгіп бара жатты. Бұрынғы шашының бірен-саран ағы молайып, бетінің өжімі көбейді. Майданнан хабар сиреген сәттерде өкем де үнсіз томсарып алатын. Ол түн ортасында оқитын “Құтпан” намазының соңында киіз үй ішінде қаракөлеңке сықсима шамның сәулесімен ерні жыбырлап құбылаға мінажат етіп тәңірден

Дәуренінің аман-сау оралуын сұрап жалбарынатын. Кейде осындай шақтарда Жадыра келе қалса әкеммен бірге қол жайып, аузын жыбырлатады. Оның Дәуреннің атын атап отырғанын естіп қаламын.

1945 жыл. Көктем айы жаңа ғана басталған кез. “Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілуге” айналған шағы. Колхоздың бар адамдары тапқан-таянғандарын жинап-теріп майданға жібереді...

Жадыра жұмысқа ерте кетіп, көп әйелдермен бірге кеш қайтады. Түрінде шаршағандықтың, жүдегендіктің іздері бар. Әсіресе, Дәуреннен хат тоқтағалы солай.

Дала кеугім тарта бастаған. Батыстан ызғарлы жел соғады. Аспанды торлаған бұлттар бауырымен жер сипап өтіп жатыр. Қыстаудағы ауыл үйлерінің бірен-саранында ғана болмаса, әлі терезелерінен жарық көрінбейді.

Жадыра қораның ығында тұрған мені көрген жоқ. Мен де алдынан әдеттегідей жүгіріп шықпадым. Ол өз үйіне мойнын бұрмастан әлдекімді іздегендей біздің есіктен басын сұқты да:

— Әже, бала қайда? — деп мені сұрады. Сосын бір сұмдықты сезгендей, сәмсіреп тұрып қалды. Алдын-ала күтіп отырған ауыл қарттарының арт жақтан келе жатқанын көріп әлденеден ышқына үріккен еліктей ішке тез еніп кетті. Мен де ізінен ілестім. Жадыра босағадан әрі ұзай қоймаған екен. Үнсіз ағыл-тегіл жылап отырған әжеме қарап:

— Әже, не болды?! — деп қасына барып сылқ етіп отыра кетті.

Бөлмені даланың суық лебі жайлады. Терезені тамшылар саусағы сатырлатып қаға бастады. Қара көлеңке үйде, әлі батылы жетіп дыбыс шығарған бір жан жоқ. Жалғыз-ақ тістенген ызалы жандардың анда-санда жылт етіп, жанып сөнетін жанар ұшқыны болмаса, бөлме бір сәтке тірлік бейнесінен айрылғандай.

Бір әйел жалма-жан тұрып шам жақты. Адамдардың жүзіне қалтыраған күңгірт сәуле түсті. Жадыра Дәуреннің кітабы жиналған бұрыштағы аласа столға көз тастады да, үстінде жатқан қағазды көріп, орнынан тұрып сонда беттеді. Әлдекім тамағын кенеп бірдеме айтуға ыңғайланды. Жадыра бірте-бірте столға жақындай берді, жақындай берді. Ке-

нет “Қара қағазды” көріп бейне жан алғып нақ алдында тұрғандай шошып кетті. Айқайлап жібере жаздады да, алақанымен аузын басып өзер тоқтады. Қағазға қолын қайта созды. Жетпеді. Тағы, тағы... Буыны босап әл-дәрмені құрыған ол әлденеше ұмтылып өзер дегенде қолына бір ұшын тигізді. Әйелдердің сыңсыған даусы шықты. Ортада отырған Тәжібай қарт тамағын кенеді. Бірақ, Жадыра құлағы тас бітіп қалғандай, жұбаныш сөздерді тыңдаған жоқ. Көз жүгіртіп қағазды оқып шықты да жүрегін біреу қанжармен осып өткендей қолын жоғары көтеріп, құлап бара жатты.

Жадыра біраздан кейін бірдеңе тыңдағандай аңырып аз тұрды да, сөйлеп отырған Тәжібайдың даусын бұзып:

— Жоқ, жоқ. Бұл жалған! Ол маған келемін деп кеткен, — деп айқайлап қолындағы “қара қағазды” өжеттене паршалай бастады. Әр бөлігін жыртқан сайын оның бақытын ұрлаған жауынан, Дәуренін жұтқан сұм ажалдан өшін алып жатқандай құшырланды. Майда-майдасы шыққан жапырақ қағаздарды шашты да далаға ата жөнелді.

Төр алдында сарнап отырған Тәжібай тістеніп үнсіз қалды. Жылаған әйелдердің даусы да қалт тынды. Менің көзіме пеш түбіндегі әкем мен әжем тіпті кішірейіп бір шөкім болып шөгіп қалғандай көрінді. Үлкендер үйден тынысы тарылғандай біртіндеп сыртқа шұбырып шыға бастады.

Жұрттың соңын ала тысқа мен де шықтым. Жан-жаққа көз жүгіртемін. Сонау ауданға апаратын үлкен жолдың шетіндегі биік шоқының басынан бір бейне қарандағандай болады. Оның Жадыра екенін де бірден байқадым. Сүрініп-қабынып жүгіріп келемін. Қиғаштай жауған жаңбыр бет қаратар емес. Қасына жеттім. Ышқына соққан мүп-мұздай суық жел шашын қобыратып, көйлегін сабалайды. Ол тоңғанына, жұқа киімнен өткен мұздай ылғалға елең етер емес. Бейне жапан түзге аманат еткен тас мүсіндей қыбырсыз да үнсіз. Құлағымға меңіреу даланың кезбе дауылының өкіргені, өксігені ғана естіледі. Нақ жанымызда теңселген бұталар шашын жайған анадай.

— Жадыра! — Дыбыс шығар-шықпастан-ақ долы дауыл оған жеткізбей аузымнан жұлып өкетті. Жадыра мені қасына барғанда ғана байқады.

— Жаным, сенсің бе, неғып жүрсің? — Ол маған бұрылып қараған жоқ. Даусы дірілдеп шықты.

— Үйге жүрші, Жадыра!

— Қайтесің мені үйге апарып. Ендігі жерде мен үшін үй мен түздің бәрі бір болып қалды емес пе?!

Неге екенін қайдам, қасынан шырғалап ұзай алмадым. Табанымнан өткен сызға да қарағаным жоқ. Жадыраның шешесі аяғын сүйрете басып жанымызға келді. Ол тіл қатуға батылы жетпегендей біраз кідіріп барып:

— Балам, өкең сені іздеп тықыршып отыр. Үйге жүр, — деді.

— Үйге дейсіз бе? Жо-жоқ, аядай қуыс түгіл, мына кең дүниеге сыймай өртеніп тұрғаным жоқ па! Кешір, анажан, онда барсам менің бір уыс күлім ғана қалатын сияқты.

— Балам, сарқылма. Сенің сүрер өмірің алдында, дәрмені құрыған мына біздер болмасақ.

— Әй, апа-ай, маған Дәуренсіз өмірдің күні құлаған аспанмен бірдей екенін қайдан білейін деп едіңіз, енді не сән, салтанат болмақ менің тіршілігімде.

— Қойшы, жалғызым, қайдағыны айтпай! — Қарт ана Жадыраны құшақтай алды. Сәлден соң енді-енді аяғына жығылып, осы бір қасіретті күнге қарсы жарық дүниеге әкелген аналық айыбы үшін кешірім сұрайын деп тұрған жандай буын-буыны босап, тізесі бүгіліп бара жатты. — Жаман ырымды бастама, қалқашым. Тұла бойым түршігіп кетті ғой... Мүмкін, Дәурен тірі шығар... Мүмкін жаңылыс келген қағаз болар.

Ол мына жұбату сөз аузынан шыққанда бір сәт өзі де шынымен-ақ қуанып тілі күрмеліп, тұттығып қалды.

— Иә, иә, тірі шығар... Бір жерде сенің бағыңа амаң-есен жүруі де мүмкін ғой. Өмірде жаңылыс нәрселер аз болмайды, балам. Тек, жаман сөз айтпашы, құлыным.

— Қайталашы, жан апа! Тірі ғой, тірі деші! Тағы айтшы, айтшы, апажан, Дәурен келеді ғой! — Жадыра анасының кең құшағына көміле еніп, жас баладай өкіріп, жылап тұрды.

— Келіп қалар, қалқам! — Азалы ана да осы үш ауыз сөзді тістеніп тұрып, әзер айтып еді сол түні.

Көптен соң кейін қайттық. Жадыра апасы екеуі үйіне кетті. Есік алдында ішке кірмей теңселіп жүрген әжемді көрдім. Қараңғыда жарығын сөндіріп алған жандай шашы жайылып, есенгірей күбірлейді.

Менің түнімен кірпігім ілінген жоқ. Қалима апайдың бір ауыз жылы сөзі балапан қиялыма қанат бітіргендей еді. Ол үміт жібінің үзілмеуіне жәрдемдескендей. Сол күні біздің

үйде бір жан көз ілген емес, үн қатқан да ешкім болмады. Тек, далада аш қасқырдай ұлыған кезбе жел ғана сарнайды. Төпелеп құйған нөсердің дыбысы естіледі. Бірақ, ол түні күн күркіремеді, найзағай да жарқылдамаған.

Таңертең әкем әдеттегісіндей төсектен ерте тұрған жоқ. Қасірет жүгін көтере алмай, шөккен нардай жатып қалды.

Тал түс. Тымырсық. Аспанды торлаған қоп-қою қара-құрым бұлттар дария бетінде жаңа ұстасқан сендей сіресіп тұр. Ауылды сұрғылт көлеңке қымтапты. Сабақтан жаңа ғана келе жатқан бойым. Есік алдындағы қазыққа атын байлап болып, үйге беттеген Қартаңбай қартты көрдім. Ол салалы бурыл сақалын ойлана сипап сыртта біраз тұрды. Қалың қас жанарын жауып көрсетпейді. Бұрынғы қақпақтай, тіптік иығы сәл еңкіш тартқандай. Күректей қолын әжімді сай-сай маңдайына қалқалап, аспанға түксие бір қарап алды да, кең адымдап барып, есіктен басын сұға бере:

— Ей, шал, көтер басыңды! — деді ызғарлы үнмен әкеме. Артынша әкемнің аяқ жағындағы көрпешеге тізерлей отырды. Қолына қамшысын қыса ұстап алыпты. — Жапа шегіп жатқан сені мен емес, көппен көрген ұлы той емес пе! Жан-жағына неге көз салмайсың?! Жалғзынан айырылған анау Иманбайдың сексендегі кәрі кемпірі де өлмей тірлік етіп отырған жоқ па! Сен ондайларға қарағанда жаяудың қасындағы аттылы кісідей емессің бе! Ең болмаса қолыңда мына кішкентай бірдеңе бар ғой, неге шүкіршілік етпейсің! — деп қамшысының сыбымен мені нұсқап көрсетті. — Тұр орныңнан, көтер басыңды!

Әкем жастықтан басын көтеріп, қызарған көзін орамымен сүртті.

— Қартеке-ай, білемін ғой бәрін де. Бірақ ішім өртеніп барады емес пе! Тағдыр барлық қатал үкімін бізге дайындап қойғанын қайтерсің! — деп тістене сөйлеп, үнсіз қалды.

Қартаңбай әкемнің иығын қапсыра құшақтап.

— Досым-ай өткенді ойға салып жазылмас жан жарасының аузын тырнадың ғой, — деп ол да босаңси сөйледі. — Мен сенімен мұндасқалы келгенім жоқ, “болған іске болаттай берік бол” — деп айтайын деп келдім. “Артта қалған өмір өкінішін ұмыттыр, қолдағы бардың қызығын көрсет, жаратқан” — деп тілеуші ек, енді бұл тілек те азалы арманға